

ПРЕАМБУЛА

Осы Корпоративтік этика Кодексі –М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ішкі тәртіп Ережесі (әрі қарай - Кодекс) 2007 жыл шілденің 27-гі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабы 1 тармағы, 43 бабы 3 тармағына сәйкес қабылданған.

Осы Кодекс университет корпоративтік мәдениетін нығайту мен дамытуға, профессорлық – оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен студенттердің шет ел, Қазақстанның білім беру кеңістігінде жоғары оқу орынының мәртебесін арттыруға және мамандарды даярлаудың сапасын жақсартуға бағытталған мотивация деңгейін арттыру мақсатында енгізілді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Кодекс М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті корпоративтік мәдениетінің басты аспектілерін регламенттейді.

1.2. Осы Кодекстің мақсаттары болып табылатындар:

- Университет академиялық қауымдастығының барлық мүшелерінде құрмет, теңдік, серіктестік және өзара қолдау көрсету негізінде құрылған корпоративтік мәдениеттің дамуына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

- ОҚМУ-не қатысты сыртқы құрылымдармен қарым – қатынастардың этикалық нормаларын ескере отырып педагогтық ұжым мен студенттік ортада қарым – қатынастар принциптерін анықтау;

- Білім алушылар мен қызметкерлерге өз міндеттерін орындауға дербес жауапкершілігі мен университет миссиясын жүзеге асыруда өз рольдерін түсіндіру.

1.3. Кодекс университетте жайлы моральдық – психологиялық жағдайдың, оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылардың іс – әрекеттерінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

1.4. Әр оқытушы, қызметкер және ОҚМУ-де білім алушы осы Кодекстің нормаларын бұлжытпай орындай отырып, университеттің іскерлік абыройы мен имиджінің нығаюына үлес қосады.

1.5. Осы Кодекс Қазақстан Республикасы Конституциясы , 2007 жыл шілденің 27-гі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, 2011 жыл ақпанның 18-гі Қазақстан Республикасы «Ғылым туралы» Заңы, 2012 жыл қазанның 11-гі Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер